

## Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы қызмет қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 65 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 сәуірде № 13653 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-1-бабының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы (бұдан әрі – Академия) қызмет қағидалары бекітілсін.

2. Академияның Ректоры Ұ.С. Байжанов:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары И.Д. Меркельге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры*

*А. Дауылбаев*

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2016 жылғы 31 наурыздағы  
№ 65 бұйрығымен  
бекітілген

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының қызмет қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-1-бабының 3) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы (бұдан әрі – Академия, оқу орны) қызметінің тәртібін айқындайды.

3. Академия қызметінің негізгі міндеттері:

1) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары басшылығының Президенттік резервінде тұрған қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру;

2) құқық қорғау қызметі саласында ведомствоаралық ғылыми зерттеулерді үйлестіру және жүргізу;

3) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру;

4) құқық қорғау органдарына қызметке алғашқы рет кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлық.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 20.05.2020 № 66 ( алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Академия өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, білім беру және ғылым қызметін реттейтін "Білім туралы", "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, сондай-ақ осы Қағидалар мен Академия жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

5. Академия жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес берілген лицензияның негізінде жүзеге асырады.

## 2. Академия қызметінің тәртібі

6. Академияны басқару осы Қағидаларға және Академия жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Академияны тікелей басқаруды ректор жүзеге асырады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Академия ректорының мынадай орынбасарлары бар: бірінші проректор және проректорлар.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Ректор Академия атынан сенімхатсыз әрекет етеді, барлық мемлекеттік органдарда және мекемелерде, басқа ұйымдарда оның мүддесіне өкілдік етеді.

10. Академияда алқалық басқару органдары құрылады:

1) Академияның ғылыми-әдістемелік кеңесі;

2) Академияның ғылыми кеңесі;

3) Академияның оқу-әдістемелік кеңесі;

4) алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Академия Ректорының бұйрығымен өзге де алқалық және консультативті-кеңестік органдар құруға мүмкіндік беріледі.

12. Ғылыми-әдістемелік кеңесті қоспағанда, алқалық басқару органдарының қызметін, құрамы мен мүшелерінің санын Академия өзі анықтайды.

13. Академия құрылымын және штаттық кестесін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры бекітеді.

14. Академия өзінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерін дербес әзірлейді және бекітеді, онда олардың қызметінің негізгі бағыттары айқындалады.

15. Академия жұмыскерлерінің (қызметкерлердің, әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің және еңбек шарты бойынша жұмыскерлердің) лауазымдық нұсқаулықтарын дербес әзірлейді және бекітеді, онда олардың өкілеттіктері мен жауапкершіліктері айқындалады.

Академияда лауазымға тағайындау және босату, лауазымдарға орналастыру, жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату және еңбек шартын бұзу Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

16. Академия құрамына: Кәсіби оқыту институты (бұдан әрі - КОИ), Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институты (бұдан әрі - ВФЗИ), Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты (бұдан әрі - ЖОКБИ) және дербес құрылымдық бөлімшелер кіреді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Институт қызметін басқаруды Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімі бойынша Ректордың бұйрығымен тағайындалатын және босатылатын директор жүзеге асырады.

18. Кафедралар, орталықтар, басқармалар Академия институттарының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

Кафедра бір немесе бірнеше мәндес пәндер бойынша оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмысын, білім алушылар арасында тәрбие жұмысын жүзеге асыратын Академияның оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Кафедра штаты оқу процесінің ерекшелігін ескере отырып айқындалады.

Кафедра штатына кафедраның меңгерушісі, профессорлар, доценттер, аға оқытушылар, оқытушылар, оқу-көмекші персонал кіреді.

Кафедраны меңгеруші басқарады, оның кандидатурасы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2013 жылғы 28 ақпандағы № 90 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының жүйесі қызметкерлернің біліктілік талаптарына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде № 8780 тіркеген) сәйкес келуге тиіс.

**Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Академия институттарының және дербес құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру Академияның Жарғысына, осы Қағидаларға, Академияның жұмыс жоспарларына, Академияның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерге, сондай-ақ Академияның қызметкерлері мен жұмыскерлерінің міндеттерін бөлу туралы актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. Академияның институттары және дербес құрылымдық бөлімшелерінің қызметтері өзара алмасу, есеп беру, жоспарлау, жедел-қызметтік қызметтері мәселелерін шешудегі бірізді үйлесім, олардың алдына қойылған міндеттерді орындауындағы жұмыскерлердің жеке жауапкершілігі негізінде жүзеге асырылады.

21. Академиялық лектер мен топтар білім алушылардың жеткілікті саны қағидаты бойынша қалыптастырылады.

Академиялық лек пен топтың толықтылығын Академия дербес айқындайды.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері ішкі тәртіп қағидаларымен, Академия Жарғысымен және білім беру қызметтерін көрсетуге келісімшартпен айқындалады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 18.11.2016 № 172 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

24-1. Оқу процесінің негізгі қағидаты академиялық адалдық болып табылады, оны іске асыруды Академия дербес қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық принциптері:

1) адалдық – бұл бағаланатын және бағаланбайтын оқу жұмысы түрлерін білім алушылардың адал, лайықты орындауы;

2) автордың және оның құқықтық мирасқорларының құқықтарын қорғауды жүзеге асыру – авторлық құқық объектісі болып табылатын туындылардың авторлары барын және қорғалуын бөгденің сөзін, ойын дұрыс беру және бағаланатын жұмыстардағы ақпарат көздерін көрсету арқылы тану;

3) ашықтық – айқындық, өзара сенім, білім алушылар мен оқытушылар арасында ақпарат және идеялармен ашық алмасу;

4) білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу – пікірлер мен идеяларды еркін білдіру құқығы;

5) теңдік – әрбір білім алушының академиялық адалдық қағидаларын сақтау жөніндегі міндеті және оларды бұзғаны үшін тең жауапкершілік.

Ескерту. 2-тарау 24-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24-2. Білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында Академияда жоғары білімнің еуропа кеңістігінде (ESG) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етуге арналған халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі құрылады, ол:

1) сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты;

2) бағдарламаларды әзірлеу мен бекітуді;

3) білім алушыға бағытталған оқытуды, білім беруді және бағалау;

4) білім алушыларды қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау;

5) оқытушылар құрамын;

6) оқу ресурстарын және білім алушыларды қолдау жүйесін;

7) ақпаратты басқаруды;

8) жұртшылықты хабардар етуді;

9) бағдарламаларға тұрақты мониторинг жасауды және мерзімді бағалауды;

10) сапаны мерзімді сыртқы қамтамасыз етуді құрайды.

**Ескерту. 2-тарау 24-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3. Академияның білім беру қызметін ұйымдастыру:**

24. Академияның білім беру қызметінің түрлері:

1) қосымша білім;

2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім.

25. КОИ-да қосымша білім беру мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары басшылығының Президенттік резервінде тұрған құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кәсіптік қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру;

2) Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кәсіптік қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру;

3) Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кәсіптік даярлау.

Академиядағы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби даярлығы, қайта даярлау және біліктілікті арттыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген.

**Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. Кәсіптік даярлықты, қайта даярлауды және біліктілікті арттыруды өту кезеңінде КОИ білім алушылары (тыңдаушылар) Академия жатақханасында тұрады және оның аумағы шегінде болады.

Оқу орнының аумағы шегінен шығу және Академия жатақханасынан тыс жерде тұру Академия Ректорының жазбаша рұқсатымен беріледі.

**Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби даярлығы, қайта даярлау және біліктілікті арттыру құқық қорғау органдарына жүктелген міндеттерді орындауға, қызметтік жұмысты есепке ала отырып, қажетті білім, икем мен дағдыларын бойына сіңіру, тереңдету және кеңейтуді көздейтін ұйымдастырушылық, оқу іс-шараларының жүйесін қамтиды.

28. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби даярлығы, қайта даярлау және біліктілікті арттыру оқу процесінің мазмұны құқық қорғау органдарымен келісілген тиісті оқу жоспарларымен және оқу бағдарламаларымен айқындалады.

29. КОИ-дың оқу-әдістемелік жұмысына:

1) алғашқы кәсіптік даярлау оқу процесінің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, оның ішінде құқық қорғау органдары басшылығының Президенттік резервінде тұратын қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарының нәтижелерін қорыту және талдау;

2) КОИ қызметінің практикасын қорыту, жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу, ұйымдастыру-талдау және оқу-әдістемелік жұмыстың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу;

3) КОИ-дың штаттық қызметкерлерімен қатар жетекші ғалымдарды, сарапшыларды, құқық қорғау және мемлекеттік органдардың, оның ішінде шетелдік құқық қорғау және мемлекеттік органдардың практикалық жұмыскерлерін оқу сабақтарын жүргізуге тарту;

4) оқу процесін ұйымдастыру, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

5) жұмыс жоспарларына сәйкес оқу сабақтарын өткізуді үйлестіру;

6) білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;

7) құқық қорғау органдары қызметкерлеріне оқыту іс-шараларын (семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, тренингтер) ұйымдастыру және өткізу;

8) білім беру және оқу-әдістемелік қызметті іске асыру кезінде ғылыми, білім беру, мамандандырылған ұйымдармен және мекемелермен жасалған келісімдердің шеңберінде мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен, оның ішінде шетелдік мемлекеттік және құқық қорғау органдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасау кіреді.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

30. Қосымша білім беру кезінде КОИ-да қашықтан оқытуға рұқсат етіледі.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

31. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша кадрларды даярлау тиісті Институтта күндізгі оқыту нысаны бойынша, сондай-ақ қашықтан оқыту бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Академияға оқуға қабылдау "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 27 қаңтардағы № 45 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде № 31809 тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 12.04.2024 № 47 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. ЖООКБИ-дың оқу-әдістемелік жұмысы жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бағдарламаларымен оқу процесін іске асыратын және үйлестіретін кафедралармен жүзеге асырылады.

34. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін кредиттік оқыту технологиясы қолданылады.

35. Академияда оқу жұмысының мынадай түрлері белгіленеді: дәрістер, семинар (практикалық) сабақтар, консультациялар, оқытушының басшылығымен өткізілетін білім алушылардың өзіндік жұмысы, практикумдар, кәсіптік практикалар және тағылымдама, магистранттар және докторанттардың диссертациялық зерттеулеріне ғылыми жетекші, білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу және дайындау.

36. Дәріс сабақтарын өткізуге, магистранттар және докторанттардың диссертациялық зерттеулеріне ғылыми жетекшілік етуге Ректор, проректор, институт директоры, институт директорының орынбасары, кафедра меңгерушісі, профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы лауазымдарын атқаратын қызметкерлер жіберіледі.

Сонымен қатар, дәрістер және/немесе басқа оқу сабақтарының түрлерін өткізуге ғылыми қызметкерлер, мамандық бейіні бойынша кемінде 3 жылдан кем емес практикалық жұмыс өтілі бар мамандарды тартуға жол беріледі.

Бұл ретте, базалық білімнің немесе ғылыми дәрежелердің немесе академиялық дәрежелердің оқылатын пәндер бейініне сәйкестігі міндетті болып табылмайды және Академиямен дербес реттеледі.

Ескерту. 36-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Білім алушылардың білім берудің жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім бағдарламаларын меңгеруі үшін барынша қолайлы жағдайлар жасай отырып, Академия оқыту нысандарын, әдістері мен құралдарын дербес анықтайды.

Академия оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормаларын, оқу жұмысының түрлері арасындағы сағат көлемінің арақатынасын, оқыту технологияларын, оның ішінде қашықтан білім беру бойынша оқыту технологияларын дербес айқындайды.

**Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

38. Академия оқытушысы білім беру бағдарламалары және оқу жұмыс бағдарламалары негізінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың оқыту әдістерін, өткізу тәсілдері және нысандарын дербес таңдайды.

**Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

39. Магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы білім беру мазмұнын айқындайтын оқу және ғылыми жұмыстардың әртүрлі түрлерін қамтиды.

Магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы мыналарды:

1) базалық және бейінді пәндер циклдерін оқытуды қамтитын теориялық оқытуды;  
2) магистранттарды практикалық даярлау: практиканың, ғылыми немесе кәсіби тағылымдаманың әртүрлі түрлерін;

3) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысын немесе бейіндік магистратура үшін магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысын;

4) қорытынды аттестаттауды құрайды.

Докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы екі құрамдастықтан тұрады: білім беру мазмұнын айқындайтын білім беру және ғылыми.

Докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымын:

1) базалық және бейінді пәндер циклін оқытуды қамтитын теориялық оқыту;  
2) докторанттарды практикалық даярлау: кәсіби практикалардың, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалардың әрқилы түрлері;  
3) докторлық диссертацияны орындауды қамтитын, ғылыми-зерттеу жұмысы;  
4) қорытынды аттестаттау құрайды.

Әрбір пән бір академиялық кезең ішінде оқытылады.

**Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40. Академия білім алушылардың ағымдағы және межелік үлгерімін бақылау және аралық аттестаттаудан өткізу нысандарын, тәртібі мен мерзімділігін дербес таңдайды.

41. Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға жауапты бөлімше академиялық топтарды жасақтайды, игерілген кредиттердің есебін жүргізеді, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастырады және өткізеді, білім алушылардың транскриптісін жазады, Академиядағы білім алушылардың оқу жетістіктерінің барлық тарихын жүргізеді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Оқу процесін қамтамасыз ету мақсатында оқу полигондары құрылады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Білім алушылардың білімін бағалау үшін Академияда білім алушылардың білімін бақылау мен бағалау жүйесі жұмыс істейді.

Академияда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау жүйесі түрлі нысандарды қамтиды: кіріс және шығыс бақылау, үлгерімнің ағымдағы бақылауы, аралық аттестаттау және қорытынды аттестаттау.

44. КОИ-да кіріс бақылау білім алушылардың кәсіптік құзыреттілік деңгейін анықтау мақсатында курстардан өтуі алдында, шығыс бақылау – курстарды өткен соң жүргізіледі.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Академияның тәрбие жұмысы білім беру үдерісінің құрамдас бөлігі болып табылады және патриоттық, азаматтық, интернационализм, жоғары мораль мен адамгершілік сезімдерін, құқықтық мәдениетті, конфессияаралық толеранттылықты қалыптастыруға, сондай-ақ білім алушылардың мүдделері мен қабілеттерін жан-жақты дамытуға бағытталған.

Академиядағы тәрбие жұмысы қосымша жұмыс түрі болып табылады және білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның адамдық қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.

Академия білім алушылардың ерікті негізде құрылатын Магистранттар мен докторанттар кеңесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Магистранттар мен докторанттар кеңесінің қызметін ұйымдастыру тәртібін Академия дербес анықтайды.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Академияның тәрбие жұмысы мыналарды қамтиды:

- 1) білім алушылардың бойында патриотизм, азаматтылық, интернационализм, жоғары мораль мен адамгершілікті қалыптастыру;
- 2) білім алушылардың бойында өз бетінше және білікті түрде шешімдер қабылдау мен біліктілікті жүзеге асыру икемділіктерін қалыптастыру;
- 3) білім алушыларды салауатты өмір салтына, қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуға ынталандыру;
- 4) білім алушылардың ой-өрісін кеңейтуге, өзінің мамандығына құндылық қатынасты қалыптастыруға ықпал ететін тақырыптық іс-шаралар өткізу;
- 5) білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;
- 6) білім алушылардың бойында құқықтық сана және құқықтық мәдениетті дамыту.

#### **4. Академияның ғылыми-зерттеу және халықаралық қызметі**

47. Академияда құқық қорғау органдарының қызметіндегі іргелі және қолданбалы ведомствоаралық ғылыми-зерттеу мәселелерін ұйымдастыру, үйлестіру және жүргізу бойынша, сондай-ақ ведомстволық ғылыми мекемелермен және құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында өткізілетін ғылыми зерттеулердің мониторингін белгіленген өкілеттіктер шегінде және өзіне жүктелген қызметтерін жүзеге асыратын, Академияның дербес ғылыми-зерттеу құрылымдық бөлімшесі өз бетінше жұмыс істейді – ВҒЗИ.

48. Ғылыми-зерттеу қызметі білім мен ғылымның ықпалдасуын қамтамасыз етуге, осы негізде ғылыми-білім беру процесін, бәсекеге қабілетті ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті ұлттық инновациялық жүйенің нәтижелілігі мен тиімділігінің маңызды элементі ретінде дамытуға бағытталған.

49. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын (іргелі, ізденгіштік, қолданбалы ғылыми зерттеулер) және құқық қорғаумен басқа да мемлекеттік органдардың қызметіне және нормашығармашылыққа олардың нәтижелерін енгізу Академияның ВҒЗИ жүзеге асырылады.

50. Академияның халықаралық қызметі жетекші шетелдік университеттермен және ұйымдармен ынтымақтастық жасау бағдарламасының, халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларын іске асыру, бірлескен ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру, ғылыми-практикалық семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру, ғылыми-оқытушылық кадрлармен алмасу және білім алушылармен ұтқырлықты дамыту шеңберінде жүзеге асырылады.

#### **5. Академия қызметін ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету**

51. Академияның ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілуі білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады.

52. Академияның ақпараттық ресурстары қалыптастырылған идеялар мен білімдерді, әртүрлі деректерді, олардың жинау әдістері мен құралдарын, ақпарат көздері мен тұтынушылары арасындағы сақтау мен алмасуды білдіреді.

53. Ақпараттық ресурстар кез-келген тасымалдағыштағы білім беру бағытындағы (басқарушылық, оқу, ғылыми, оқу-әдістемелік) толық мәтіндік, фактографиялық және библиографиялық деректер базасын; анықтамалық-іздігіру жүйелерін; оның ішінде дәстүрлі және электронды кітапханалық каталогтар мен картотекаларды; жергілікті қолжетімділіктегі электронды ресурстарды; білім беруші ақпаратты жасауды, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз ететін бағдарламалық құралдарды; ақпаратты тарату арналарын; білім беру мақсатты ретінде пайдаланылатын коммуникация құралдарын қамтиды.

54. Кітапхана қоры ақпараттық ресурстардың құрамдас бөлігі болып табылады және оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетті, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді қамтиды.

55. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру білім алушылардың электронды кітапханаларда орналастыратын халықаралық дереккөздерді қоса алғанда, кітапхана қорына, компьютерлік технологияларға, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетке, оқу, ғылыми, ақпараттық деректер базасына, еркін қол жеткізумен қамтамасыз етіледі.

56. Академия кітапханасының ғылыми қоры мамандарды даярлау бағыттары мен мамандықтарына зерттеу саласын қамтитын монографиялық, ғылыми және ғылыми-өндірістік сипаттағы кітаптар тізбесін қамтиды.

Ғылыми қорға сондай-ақ энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалықтар, түсініктемелер, бағдарлама бойынша оқытылатын әдеби шығармалар, нормативтік құқықтық актілер, мерзімді басылымдар, оның ішінде білім беру ұйымдарының хабаршылары, ғылыми еңбектердің, оқыту бейініне сәйкес келетін халықаралық конференциялардың жинақтары кіреді.

57. Академияның оқу әдебиеті басылымдарын: оқулықтар, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік құралдарды және оқу пәндерін оқыту, игеру, оқу жұмыстарының жекелеген түрлерін орындау бойынша басқа да оқу басылымдары қамтиды.

58. Академиядағы оқу-ғылыми ақпараттық активтерін жинау, жинақтау, сақтау, шығару процестері Академияда өздігінен жүзеге асырылады.

59. Академияда оқу сабақтарын жүргізу және басқа білім беру шаралары үшін қажетті аудиториялық базалар, оқу кабинеттері, спорт залдары, полигондар мен басқа да үй-жайлар орналасады.